



**ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА  
ДАЙЫНДЫҚ ДҰРЫС ПА?**

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



**ӘСКЕРІ ҚУАТТЫ  
ЕЛДІҢ ДЕСІ БАСЫМ**

6-БЕТ | САРАПТАМА



**ЕКПЕ –  
ЕҢ ТИІМДІ ӘДІС**

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ

“”

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:**

Біздің сыртқы саясатымыздың негізгі басымдықтары – тәуелсіздік, мультилатерализм, өңірлік тұрақтылық және дипломатия. Сондықтан біз жаһандық ынтымақтастық пен прогрестің қозғаушы күші әрі әлемдегі бірегей әмбебап ұйым саналатын БҰҰ-ның рөлін қолдаймыз. Өз өңірімізде, сондай-ақ одан тысқары жерлерде ұзақмерзімді бейбітшілік пен даму үрдісін сақтау үшін негізгі серіктестеріміздің бәрімен конструктивті қарым-қатынас жасау маңызды деп санаймыз.

№125  
(4713)  
Сенбі  
19 қазан  
2024 жылы



# ASTANA

**ELORDA  
AQPARAT**  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**A Q S H A M Y**

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЕРЛІК ЕСКІРМЕЙДІ

Биыл – Екінші дүниежүзілік соғыс батыры, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл. Кеңес әскері мен фашистік неміс әскері арасындағы ұрыста Рейхстагқа алғаш болып Жеңіс туын тіккен оның есімі осы ерлігімен тек Қазақстанның ғана емес, бұрынғы Кеңес Одағының тарихында да мәңгі қатталып қалды. Батырдың ғасырлық мерейтойына орай Астанадағы ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімі және Достық үйінде дөңгелек үстел мәжілісі өтті.

4



## ЖАҢА ВАГОНМЕН БАРАДЫ

Қараша айынан бастап Астана арқылы жүретін «Қостанай-Алматы» бағыты бойынша жаңа жолаушылар вагоны шығарылады.

Көлік министрлігінің хабарлауынша, тасымалдаушы «Түркісіб Астана» ЖШС 2024 жылы 10 жолаушы вагонын сатып алған. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы штаб вагоны бар. Вагондар ауа баптағыш жүйесімен және биоәжетханамен жабдықталған. Бұрын бұл бағытта қатынайтын вагондар әбден ескірген және жолаушылар тарапынан шағым көп болатын.



## КӨМІР ҚАЙДА САТЫЛАДЫ?

Астанада қала тұрғындары үшін көмір сататын 14 орын бар. Бұл орындарда 9 сатушы компания қызмет етеді.

Көмір сату орындары мына мекенжайларда орналасқан: А.Герцен 4/1, 6/2, 6Б, 9А, Көктал 28/1, Мақат 40, Ж.Жабайұлы 76, А.Жұбанов 35, М.Дулатов 182/1, 85 (3-ЖЭО ауданы), 70-өткел, Қарағанды тасжолы («Магnum» супермаркетінің артыңғы жағы). Қазіргі уақытта Астанада көмірдің орташа бағасы мынадай: шұбаркөл – тоннасына 16400; қаражыра – тоннасына 17400; майкөбе – тоннасына 13500 теңге. Қалада «109» нөмірі бойынша жедел желі жұмыс істейді, онда көмірдің сату орындарында бар-жоғы, бағасы туралы қажетті ақпарат беріледі.

**ELORDA INFO**

**19-20 ҚАЗАН**

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ЖӘРМЕҢКЕСІ**

Шығыс Қазақстан,  
Солтүстік Қазақстан және  
Қарағанды облыстары

Қарқаралы тасжолы, 1

## ЖЕДЕЛ ҚҰТҚАРУ ЖАСАҒЫ САПЫНДА

Бүгін – Құтқарушылар күні. 1995 жылғы 19 қазанда Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылды. Содан бері осы күні азаматтық қорғау жүйесі қызметкерлері кәсіби мерекесін атап өтіп келе жатыр. Бүгіндері бейбіт күннің батырларына баланатын олар ортамызда баршылық. Соның бірі – Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті жедел құтқару жасағының бас құтқарушысы Жанат Камерденов.



3



## Төлен ТІЛЕУБАЙ

«Өздеріңізге мәлім, бүгінде адамзат аймақтық қақтығыстар, экономикалық тұрақсыздық, климаттың өзгеруі, азық-түлік және көші-қон қауіпсіздігі секілді бұрын-соңды болмаған сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Аталған жаһандық мәселелер бәрімізді толғандырады және оған төтеп беретін шараларды бірлесіп іздегеніміз жөн. Біздің келешегіміз қаншалықты күш-жігер біріктіріп, ортақ келісімге келе алатынымызға тікелей байланысты. Сондықтан Қазақстанның бұл маңызды үдеріске атсалысуы зор мәртебе санаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ОРТА ДЕРЖАВАЛАР ЖИІ ДӘНЕКЕР БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы әлемнің жікке бөлінуі күшейіп, көпжақты халықаралық институттардың беделі әлсіреген сайын, орта державалардың рөлі арта түседі деп санайды.

«Ірі державалар бақталастыққа бой алдырып, бір мәмілеге келе алмай жатқан кезде, дау-дамайды реттеуге орта державалар жиі дәнекер болады. Осылайша олар жаһандық ынтымақтастықтың іргесі ыңғайлануына ықпал етеді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев форум қатысушыларына еліміздің өсіп-өркендеуі және қоғамның демократиялық талпыныстарын жүзеге асыру үшін Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар жөнінде айтты. Оның пікірінше, АЭС құрылысы бойынша таяуда өткен жалпыхалықтық референдум еліміздің демократиялық құндылықтарға бейіл екенін көрсетті.

Мемлекет басшысы жүргізіліп жатқан реформалар ішкі тұрақтылықты сақтауда ғана емес, экономикалық өсімге және шетелдік инвестицияларға қолайлы жағдай жасау ісінде де маңызды екенін атап өтті.

«Қазақстан экономикалық тұрғыдан айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Біз 400 миллиард доллар көлемінде шетелден тікелей инвестиция тарттық. Елімізде жаңа инвестициялық кезең басталды. Оның стратегиялық мақсаты – 2029 жылға қарай 150 миллиард доллар көлемінде қаржы тарту. Біз инвесторлар үшін жедел шешім қабылдаудың және жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетудің мәні зор екенін жақсы түсінеміз. Осы мақсатта Инвестициялық кеңес құрылды. Оған стратегиялық инвестициялық жобаларға жетекшілік ету құзыреті берілді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## СЫРТҚЫ САЯСАТЫМЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ ТӨРТ БАСЫМДЫҒЫ

Президент Қазақстан ха-



## ҚАЗАҚСТАН ЖАҒАНДЫҚ ҮДЕРІСКЕ ҮН ҚОСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Astana Think Tank форумының пленарлық отырысында сөз сөйледі. Президент жиынға қатысушыларға ілтипат білдіріп, бұл диалог алаңы Астана халықаралық форумының аясында құрылғанын, ең өзекті жаһандық және өңірлік мәселелер жөнінде пікір алмасуға арналғанын атап өтті.

лықаралық қоғамдастықтың беделді мүшесі ретінде ұзақ жылдардан бері өз миссиясын мінсіз атқарып келе жатқанын мәлімдеді.

«Біздің сыртқы саясатымыз-

бітшілік пен даму үрдісін сақтау үшін негізгі серіктестеріміздің бәрімен конструктивті қарым-қатынас жасау маңызды деп санаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

нын еске салды. Бұдан бөлек, Президент ядролық қарусыздану және қоршаған ортаны қорғау тақырыптарына ерекше назар аударды.

«Біз ядролық қарудан ерікті

тымақтастық пен көпжақты басқарудың тоғысқан жерінде тұрмыз. Әріптестерімізбен және серіктестерімізбен бірге әрекет ету арқылы болашақ әлемнің келбетін қалыптастыруға атсалыса аламыз. Халықаралық тәртіп өзгеріп жатқан кезеңде біздің жай ғана бақылаушы болғанымыз келмейді. Керісінше, анағұрлым теңгерімді, әділ әрі орнықты ғаламдық жүйенің архитекторлары болуға ұмтыламыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## СОҒЫС – ТЫҒЫРЫҚҚА ТРЕЙТІН ЖОЛ

Мемлекет басшысы жиында Ресей-Украина арасындағы қақтығысты шешу мәселесі жөнінде де пікір білдірді.

«Канцлер Шольцпен келіссөз барысында айтқанымыдай, Ресейдің әскери тұрғыдан жеңілмейтіні анық. Бұл – Ресейдің әскери әлеуеті, Президент Путин жүргізіп отырған саясатты халықтың қолдауы және тарихтың өзі дәлелдеп отырған факт. Сондықтан біз қақтығысты бейбіт түрде шешу жолдарын қарастыруды, барлық мемлекеттің, соның ішінде Қытай мен Бразилияның ақылға қонымды жоспарларын қолдаймыз. Басқа жол жоқ. Әйтпесе соғыс қос тарапты да жойып тынады. Кейбір әлемдік күштер бұған мүдделі шығар. Бірақ бұл тығырыққа тірейтін жол. Конструктивті келіссөздер арқылы бейбітшілікке ұмтылу – әлсіздіктің белгісі емес, керісінше, стратегиялық парасаттылықтың көрінісі» деді Президент.

## ҰСТАНЫМЫМЫЗ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕНДІК

Жиын соңында Мемлекет басшысы форум қатысушыларының сауалдарына жауап берді. Пленарлық отырыстың модераторы, Berlin Global Dialogue төрағасы Ларс-Хендрик Рёллер Президенттен Қазақстанның өңірдегі рөлі туралы, сондай-ақ аймақтық ынтымақтастық арқылы орта державалардың ұстанымдарын тиімдірек пайдалану тұрғысында қандай проблемалар бар екенін сұрады.

«Ең алдымен, біз аймақтық саясатқа, Орталық Азиядағы барлық жақын көршілерімізбен тығыз ықпалдастыққа бейіл екенімізді атап өткім келеді. Біз ынтымақтастықты тереңдеткен сайын, Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдерінің мүдделері үшін жақсы болмақ. Қазіргі жағдайды он жыл бұрынғы ахуалмен салыстыруға келмейді, мүлде өзгеше. Бүгінде біз белсенді ынтымақтастықты

дамытып келеміз, ауқымы кең мәселелер бойынша сан қырлы байланыс орнатылды. Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары жиі кездеседі. Ортақ мәселелерді бірлесіп шешудің маңызы зор. Сондықтан менің жауабым айқын. Біздің саяси ұстанымдарымыз стратегиялық тепе-теңдікті нығайтуға бағытталған. Меніңше, Орталық Азияның әлем картасындағы орны ерекшеленіп келеді. Менің аймақтағы әріптестерім мұнымен келіседі деп ойлаймын. Біз осы өте маңызды өңірдің әлеуетін нығайту үшін қолдан келгенін бәріміз жасаймыз. Біріккен Ұлттар Ұйымына келетін болсақ, мен оны нығайту керек деген сенімдемін. Өйткені оның орнын басатын ұйым жоқ. БҰҰ-да көптеген кемшілік болғанымен, бізде басқа балама жоқ. Сондықтан Қазақстан БҰҰ рөлін нығайту бойынша осындай ұстанымдағы барлық елмен ынтымақтаса беруге ниетті. Аймақтық державалар мен орта державалардың үні, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінде естілуге тиіс. Қауіпсіздік Кеңесі де реформаға мұқтаж. Өйткені ол, өкінішке қарай, тығырыққа тірелді. Ал одан шығудың жолын бәріміз бірлесіп табуымыз керек. Біз келесі жылы 80 жылдығын атап өтетін Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсетуіміз қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін орта державалардың БҰҰ мәртебесін нығайту және мультилатерализм қағидаттарын ілгерілету процесіндегі рөлі жайында сұрақ қойылды.

«Әлбетте, әлгіде баяндамада біз мультилатерализмнің жақтаушысы екенімізді айттым. Біз әлем қазір де, болашақта да, ең алдымен, БҰҰ Жарғысында көрсетілген қағидаттарға негізделуге тиіс екеніне сенімдіміз. Біз БҰҰ Жарғысын ұстанымымыз керек. Ешкімге оны бұзғуа құқық берілмеген. Өйткені оның баламасы жоқ. БҰҰ Жарғысы – қазіргі халықаралық жүйенің тірегі. Бәлкім, БҰҰ-ның рөліне қатысты қандай да бір көңіл толмаушылық бар шығар, сын да айтылар. Бірақ бізге күш-жігер біріктіріп, соғыс, қақтығыс атаулыны тоқтатып, керісінше, диалог пен бейбітшілік жолына түсу қажет. Қазақстан туралы айтар болсақ, реформаларды жалғастырып, көздеген стратегиялық жоспарды жүзеге асыру үшін бейбіт жағдайда даму біз үшін аса маңызды. Қазір біздің алдымызда еліміздің саяси-экономикалық әлеуетін арттыруға қатысты ауқымды міндет тұр. Сондықтан біз бейбітшілікті жақтаймыз. Бұл ретте көпжақты ынтымақтастық жасап отырған дүние жүзіндегі серіктестерімізге ризашылық білдіреміз. Қазақстан – халықаралық нарыққа ашық ел. Біз шетелден тікелей инвестиция тартқымыз келеді. Бұл туралы жаңа айттым. Сол үшін Қазақстанда қызмет істегісі келетін инвесторларға барынша қолайлы жағдай жасаймыз» деді Мемлекет басшысы.



дың негізгі басымдықтары – тәуелсіздік, мультилатерализм, өңірлік тұрақтылық және дипломатия. Сондықтан біз жаһандық ынтымақтастық пен прогрестің қозғаушы күші әрі әлемдегі бірегей әмбебап ұйым саналатын БҰҰ-ның рөлін қолдаймыз. Өз өңірімізде, сондай-ақ одан тысқары жерлерде ұзақмерзімді бей-

## ЖАҒАНДЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ

Мемлекет басшысы еліміздің Иранмен ядролық қару мәселесінде мәмілеге келуге, Сирия бойынша келіссөз жүргізуге, сондай-ақ жақында ғана Армения мен Әзербайжан арасындағы кездесуге арнайы алаң ұсынға-

түрде бас тарттық әрі оны тартпауға қатысты жаһандық бастамаларға қолдау көрсетіп келеміз. Астананың Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынысы ғаламдық қауіпсіздік саласындағы қатерлерге қарсы міндеттемелерімізді толықтыра түседі. Қазақстан қоршаған ортаны қорғау ісінде ғаламның климаттық күн тәртібіндегі мақсаттарын құптайды. Біз Климат жөніндегі Париж келісімін қолдаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙМЫЗ

Президент Қазақстан халықаралық форумдарда, соның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде орта державалардың мүддесін қорғауды жалғастыра беретінін жеткізді.

«Біз халықаралық жүйенің мейлінше инклюзивті және орнықты болғанын қалаймыз. Мемлекеттерді үлкен немесе шағын деп бөлмей, оларға жаһанды жақсарту үшін өз үлесін қосуға мүмкіндік беру керек. Қазақстан алдағы уақытта да әлемдік аренада белсенді рөл атқаруға дайын. Біз дипломатияның, экономикалық ын-







## ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ БӨЛІМІНЕ БАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордада қысқа мерзімде бой көтерген өрт сөндіру бөлімінің жұмысымен танысты. Мұндағы өрт сөндірушілер 96 мыңнан астам тұрғыны бар Алматы ауданына қызмет көрсетеді.

Бөлімнің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету аумағына «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабы, сондай-ақ Бейбітшілік және келісім сарайы, Тәуелсіздік сарайы, Әзірет Сұлтан мешіті және «Нұрлы жол» вокзалы сияқты маңызды нысандар кіреді. Өрт сөндірушілер жұмысын бастаған екі ай ішінде 200-ге жуық дабылға жедел шығып үлгерген.

Сапалы әрі тез құрастырылатын модульді материалдардан салынған өрт сөндіру депосы функционалдық тұрғыдан өте

қолайлы. Ғимаратта жұмыс, диспетчерлік, демалыс бөлмелері, оқу сыныбы және ас үй қарастырылған. Жабық тұраққа 6 арнайы техника сыяды.

Президентке өрт сөндіру және құтқару операцияларына арналған заманауи жабдықтар көрсетілді. Сонымен қатар биік ғимараттардағы өртті өшіруге пайдаланылатын дрондардың жұмысы таныстырылды.

Мемлекет басшысы өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлерімен сөйлесіп, осындай заманауи модульді өрт сөндіру деполары

еліміздің барлық өңіріне қажет екенін және аталған жобаның аясы кеңейтілетінін жеткізді. Президенттің айтуынша, өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың әлеуметтік мәселелерін шешу және баспанамен қамту жұмыстары жалғасады. Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан салынған екі қабатты жатақхананы аралап көрді. Сондай-ақ жатақханаға қоныстанған өрт сөндірушілердің отбасыларын құттықтады. Бұдан кейін №23 жаңа өрт сөндіру бөліміне спорт жабдықтарын сыйға тартты.

## ҮКІМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Президентке 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы баяндалды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында экономиканы әртарапандыру шаралары күшейтілген. Есепті кезеңде шикізаттық емес секторды дамыту нәтижесінде ішкі жалпы өнімнің өсімі 4 пайызды құрады. Ең жоғары өсімді ауыл шаруашылығы (11,4%), құрылыс (10,1%), көлік (8%), байланыс (6,4%), сауда (6,3%), өңдеу өнеркәсібі (4,8%) салалары көрсеткен. 14 өңірде өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі артқан.

Билығы қаңтар-тамыз айла-

теңге түскені туралы мәлімет берілді. Әлеуметтік төлемдер бюджет шығысының негізгі бөлігін құрайды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына заңсыз иеленген активтерді қайтару жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы жайында айтылды. Жыл басынан бері комиссия 450 миллиард теңгеге жуық активтерді қайтару жөніндегі келісімдерді мақұлдаған. Бүгінде мемлекетке 265 миллиард теңгені құрайтын активтер, соның ішінде ақшалай 177

адамдарды оңалту және әлеуметтендіру бағдарламаларын, мәдени-білім беру орталығы мен спорттық манеж құрылысын қаржыландыруды бастады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Исламабадта өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің Үкімет басшылары кеңесі отырысының қорытындысы жөнінде баяндалды. Президент Үкіметтің жұмысын жандандыру қажет екенін атап өтті. Бұл ретте ел экономикасын әртарапандыру арқылы оның



рында сыртқы тауар айналымы 91,7 миллиард долларды құрады, оның ішінде экспорттың үлесі 3,3 пайызға көбейді. Оң сауда балансы 34,8 пайызға өсіп, 15,4 миллиард долларға жетті. Қасым-Жомарт Тоқаевқа ел бюджетіне 14,9 триллион

миллиард теңге қайтарылды. Барлық қайтарылған қаражат әлеуметтік маңызы зор жобаларға жұмсалып жатыр. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңның субъектілері бірқатар жобаны, атап айтқанда, мұқтаж

тұрақты өсімін қамтамасыз ету, шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіп кешенінде инновацияны дамыту, ірі индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру шараларын жалғастыруды тапсырды.

## ҚОС КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Елордада қос кітапхана ашылды. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әріптесі Бауыржан Қасымбергбаевпен бірге Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі, 8/2 үйдегі №8 көпшілік кітапхананың ашылу салтанатына қатысты. Ал Сығанақ көшесі, 14 мекенжайында №6 балалар кітапханасы жұмысын бастады.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

Кітапханалардың ашылуына қатысқан қалалық мәслихат депутаттары, мәдениет саласының өкілдері, кітапхана қызметкерлері және оқырмандар залдарға экскурсия жасап, кітап қорымен танысты.

№8 көпшілік кітапхана қорында қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалары, балалар әдебиеті, салалық кітаптар және энциклопедияларды қамтитын 6 мың кітап бар екен.

Ерлан Каналимов салтанатты рәсімде қалалық мәслихат әкімдікпен бірлесіп өткен жылы «Астананың кітапханалар жүйесін дамытуға арналған кешенді жоспарын» әзірлеп, бекіткенін тілге тиек етті.

«Бүгінге дейін 18 кітапханамызға күрделі жөндеу жұмысын жүргізіп, жаңа форматқа көшірдік. Осы уақытқа дейін 3 жаңа кітапхана ашылса, тағы 1-еуі өзінің ашылу кезегін күтіп тұр. Келер жылы да кітапханалар санын көбейтеміз. Кітап қорын көбейту – негізгі мақсатымыз. Кітап қағаз жүзінде болуы керек. Компьютердегі кітапты оқыған қағаз кітапты оқығандай болмайды. Бұл екеуін адамның қабылдауы да бөлек, одан алар сезімі де басқаша» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы.

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева жаңа кітапханада оқырмандарға барлық қолайлы жағдай жасалғанын айтады.

«Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне 20-дан астам мекеме кіреді. Биылдан бастап 4 жаңа ғимарат беріліп, соның ішінен кітапхана аштық. Сөйтіп мекемелеріміздің саны 4 кітапханаға көбейді. Қазір жүйеде барлығы 22 мекеме бар. Ашылып жатқан көпшілік кітапханада екі бөлім бар: кітап беру және коворкинг бөлімдері. Оқырмандарға барлық жағдай жасалған. Күрделі жөндеу жүргізілген. Жиһаздары мен кітаптарына дейін жаңадан сатып алынды. Тағы бір қуанарлығы, кітапхана қызметі тұрғындар үшін тегін. Бүгінгі таңда орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітап қоры 800 мыңдай болса, оқырмандарымыздың саны 80 мыңнан асты» дейді ол.

Сондай-ақ екі айтулы дата – қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің 50 жылдығы мен еліміздегі мәслихаттардың 30 жылдығына орай кітапханашы-жас мамандар арасында өткен «Ең үздік кітапханашы» байқауының қорытындысы шығып, жеңімпаздар марапатталды. Шығармашылық байқаудың бас жүлдесі – Дубайға жолдаманы №1 балалар кітапханасының меңгерушісі Гүлкен Ахметова жеңіп алды.

Ашылу салтанаты Астана қаласы Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметованың, қалалық мәслихат депутаттарының қатысуымен өткен №6 балалар кітапханасының кітап қоры көркем әдебиет, энциклопедия, балалар әдебиеті және шетел әдебиетін қосқанда, барлығы 3 мыңнан астам кітаптан құралған. Кітапхана 6 жастан және одан жоғары жастағы оқырмандарға арналған. Олар оқу залына барып, бірден кітапханаға жазылып, үйде оқуға жаңа кітаптарды алды.



## ЖЕДЕЛ ҚҰТҚАРУ ЖАСАҒЫ САПЫНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жанат Болатұлы Камерденов бала кезінен әскери адам болуды армандады. Бастапқыда кадет корпусына, одан кейін Алматыдағы әскери академияға құжатын тапсырды. Екеуінде де жолы болмады. Ақыры Қарағандыдағы колледждердің біріне «Төтенше жағдайлар» факультетіне түсіп, оны қызыл дипломмен тәмамдады. «Тау-кен құтқарушысы» мамандығын алған ол осымен тоқтамады. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде «Тіршіліктегі қауіпсіздік» мамандығын игерді. Одан соң Беларусь еліне аттанып, сырттай бөлімде оқып, «Төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою инженері» білігін алды.

Жанат Камерденовтің төтенше жағдайлар саласында қызмет еткеніне биыл тура 20 жыл толды. Ал Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті жедел құтқару жасағында 2019

жылдан бері еңбек етіп келе жатыр. Осы жылдар аралығында апаттық-құтқару, іздестіру-құтқару және әртүрлі төтенше жағдайды жою жұмысына қатысып келе жатыр. Соның ішінде 10-нан астам адамның өмірін ажалдан аман алып қалды.

2022 жылы Петропавл қаласында 2-ЖЭО-ның мұржасы құлап, адам шығыны орын алды. Былтыр Түркияда жойқын жер сілкінісі болды. Жанат Болатұлы осы екі апатта да зардап шеккен адамдарды құтқаруға, соның салдарын жоюға қатысты. Түркияда 12 күн болып, алдында Газиянтепте, кейіннен Нурдағы қаласында іздестіру-құтқару жұмысына атсалысқан. Жанат серіктерімен бірге 3 адамның өмірін сақтап қалыпты.

«Құтқарушы болып әр адам жұмыс істей алмайды. Әрине, оның әртүрлі себебі болуы мүмкін. Кейбіреулер жалақыны азынады, біреулер психологиялық тұрғыдан шыдамайды. Бірақ адамдарды құтқару, төтенше жағдай кезінде адамға көмектесу еш ақшамен өлшенбейді, сонда естіген алғысқа да ештеңе жетпейді» дейді Жанат Камерденов.





## РЕЙХСТАГҚА ТҰҢҒЫШ ТУ ТІККЕН

Райхан  
РАХМЕТОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүл себеттері Астана қаласы әкімдігі, Қорғаныс министрлігі, қалалық Ардагерлер кеңесі атынан қойылды. Ескерткіш алдында сөз сөйлеген Астана қаласы ҚХА төрағасының қоғамдық орынбасары, тарихшы Әміржан Әлпейісов бұл күнді есте қалатын, ұлттық санамыз бен болмысымызды тербететін ерекше күн деп атады.

– Жерлесіміз, Астана қаласының тумасы Рақымжан Қошқарбаевты ұлттық мақтанышымыз деу артық болмайды. Себебі сонау кеңес өкіметі кезінде қазақ халқы осындай азаматымен мақтанды. Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығын атап өту – ұлттық жетістігімізді, қазақ халқының Ұлы даланың төсіндегі батыр бабаларымыздың ұрпағы екенін дәлелдейтін, тәлім-тәрбиеге алтын бұлақ болатын оқиға. Батыр бабамыздың өмірі, ерлігі жастардың ұлттық рухын көтереді, ұлттық сезімін нығайтады, – деді ол.

Одан әрі батыр есімі ұлықталған дөңгелек үстелге де Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық Ішкі саясат басқармасы, қалалық Ардагерлер кеңесі, Р.Қошқарбаев атындағы қоғамдық қор басшылары мен өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қалалық ҚХА, қалалық Аналар кеңесінің мүшелері және ҚР Мемлекеттік күзет қызметі айрықша мақсаттағы «Айбын» Президент полкінің әскери қызметшілері қатысты. Жиынға жиналғандар есімі тарихта қалған қазақ сарбазының ерлігі мен батырлығын ұрпақтар жадында мәңгі сақтау мақсатында оның өмірі мен ерлігі жайлы ой-толғанысымен бөлісті.

– Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың нүктесін қойған аңыз тұлға Рақымжан Қошқар-

баевтың туғанына 100 жыл толды. Мемлекет басшысы ел тарихында ерекше орын алатын тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор ықпал ететінін атап өткені белгілі. Осыған орай, ел көлемінде түрлі шара өтті. Қаһарманның есімін мәңгі есте қалдыру үшін елордамызда қаланың ең үлкен, келісті көшелерінің біріне оның есімі беріліп, еңселі ескерткіші тұрғызылған. Биыл жыл басында №44 орта мектеп ресми түрде батырдың атымен атала бастады. Батыр бабаларды ұлықтау ісі мұнымен тоқтап қалмайды. Осы мақсатта елорда әкімдігінің қолдауымен «Рақымжан Қошқарбаев. Рейхстагқа тігілген ту» атты арнайы еңбек жарыққа шықты. Жалпы биыл батырдың бір ғасырлық мерейтойына орай қалада 100-ге жуық іс-шара өткізу жоспарланған, – деп Есет Байкен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің арнайы хатын оқып берді. Сонымен қатар ол атап өткен батыр туралы кітап қатысушыларға таратылды.

– Ұлы Отан соғысына осы Ақмола өңірінен Ленинград, Калининград майдандарына бірнеше дивизия аттанып, жауға қарсы кескілескен шайқаста ерлік көрсетіп, соғысқан. Солардың ішінде ерен ерлігімен елдің есінде қалған батырлар көп. Рақымжан ағамыз да солардың бірегейі. Ол Ақмола облысының Қырыққұдық ауданында дүниеге келіп, жастайынан жетім қалып, балалар үйінде өскен. Анасы ерте қайтыс болып, әкесі репрессия құрбаны болған. Соғыс басталғанда 16 жаста еді, соған қарамастан әскерге баруға сұранды. Алдымен Көкшетауда атқыштар полкіне түсіп, Бішкектегі жаяу әскерлер училищесіне жіберіледі. Лейтенант шенін алған соң майданға аттанады. Кеңес әскері Берлинді алғанда, ол 300 метр жерді 7-8 сағат еңбектеп жүріп өтіп, 1945 жылы 30 сәуір-

де жерлесіміз жауынгер Григорий Булатовпен бірге бірінші болып Рейхстагқа Жеңіс туын тігеді. Бұл ерлікті халқымыздың жадында сақтап қалуымыз керек. Кейінгі ұрпаққа жеткізу қажет, – деді Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов.

Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі Владимир Божко дөңгелек үстел барысында Р.Қошқарбаев тек ерліктің ғана емес, бірліктің де символы екенін атап өтті. Сонымен қатар Астана қалалық мемлекеттік мұрағат директоры Жангелді Бимолдин, Р.Қошқарбаев атындағы №44 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Арманай Есқұлова және басқа да белсенді азаматтар сөз сөйледі. Солардың ішінде батырдың келіні Қалам Темірова да атасы туралы естелігімен бөлісті.

– Менің жолдасым марқұм Мұқатай батыр ағамның немере інісі болған. Екеуінің әкелері – бірге туған ағайынды бауырлар. Тірісінде бізге қонаққа жиі келіп, соғыстағы естеліктерін айтатын. Рейхстагқа дейін жету оңай болмаған, айғайласа адам дауысы жететін жер болса да, оқ жаңбырдай жауып тұрғандықтан жету мұн болған. Сол кезде ағатайдың аяғына оқ тиіп, әйтеуір сүйегіне дарымай, «туды тігуге күшім жетті» дейтін еді. Қасындағы Булатов «сүйегің аман» деп жарақатын таңып берген. Осындай дара тұлға, батыр атамызды қашанда мақтан етеміз, – деді ол.

Бұған қоса, аты аңызға айналған ұлы тұлғаның әскери мұрасын зерделеу, ата-бабаларымыздың ерлігін ұлықтау және насихаттау арқылы өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизм мен ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мақсатында Достық үйінде «Ерлікке тағзым» атты көрме де ұйымдастырылып, оған батырдың 100 жылдығына арналған архив құжаттары қойылды.

## КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Қазіргі уақытта елордадағы көмір қоры 619 мың тоннаны құрайды. Бұл туралы Астана қаласының мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.


– Партияның дәстүрлі күні аясында депутаттар корпусы «Астана энергия» мекемесінде жылыту маусымының барысымен танысу мақсатында көшпелі кеңес өткізді. Энергетиктердің мәліметінше, негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеу бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Дерек бойынша энергетикалық көздердің жалпы дайындық деңгейі 99,6 пайызды құрайды. Біздің жылу-электр орталықтарымызда негізгі жабдықты капиталдық жөндеу жұмысы сәтті аяқталды. 1-ЖЭО-да 1 турбоагрегат пен 1 котлоагрегат, 2-ЖЭО-да 1 котлоагрегат жөндеуді, – деп жазды төраға.

Сондай-ақ Ерлан Каналимов қаладағы 16 әлеуметтік нысан газбен қамтамасыз етілгенін айтты.

«Қазіргі уақытта көмір қоры 619 мың тоннаны құрайды. 2022 жылдан бері елордадағы 16 әлеуметтік нысан газбен қамтамасыз етілді, нәтижесінде бүгінде қалалық бюджет газға көшу есебінен 3,5 есе экономия алады. Бұрын осы нысандар жылыту маусымы кезінде 1 миллиард 420 миллион теңге көлемінде дизель отынын пайдаланса, қазіргі уақытта шығындар 440 миллион теңгеден аспайды» деді Ерлан Каналимов.

## ДЕНСАУЛЫҚ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

№2 қалалық көпсалалы ауруханада Астана қаласы мәслихатының көшпелі отырысы өтті. Отырысқа қатысушылар денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыруды талқылады.



Жалпы бағдарлама аясында 186 іс-шара жоспарланған, оның 183-і инфрақұрылым, ал 3-еуі кадрлық әлеуетке қатысты. 2023-2024 жылдарға 31 инфрақұрылым объектісі бойынша 130 іс-шараны орындау көзделген. Бүгінде 42-сі аяқталып, 15-і іске асуда. Жоспарланған 8 нысанның 5-еуінде күрделі жөндеу аяқталғанын қуантады. Сондай-ақ құрылыс және қайта құру жұмысы белсенді жүреді. Жоспарланған іс-шаралардың 25 пайыздан астамы орындалды және 17 нысан бойынша жұмыс жалғасуда, оның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 көпбейінді аурухана, оның бірі – балалар ауруханасы, 9 емхана, қабылдау-диагностикалық кешен, №8 емхана корпусы арасындағы өтпелі құрылым, патологиялық-анатомиялық бюро, №2 балалар ауруханасының реконструкциясы.

Бүгінгі таңда мемлекеттік секторда 11 мыңға жуық денсаулық сақтау қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде 3,2 мыңға жуық дәрігер, 6 мыңнан астам орта медицина қызметкері және 2 мың кіші медициналық персонал.

«Медицина қызметкерлерінің білігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Биыл 56 резидент оқуын аяқтап, жыл соңына дейін жұмысқа орналасады.

Сондай-ақ шетелде 35 маман оқыды, жыл соңына дейін тағы 52 маманды оқыту жоспарлануда. Бұл қызмет көрсету сапасын арттырады» дейді Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова.

Оның айтуынша, тағы бір маңызды аспект – тұрғын үй мәселесі. Дәрігерлерге қолжетімді баспана беру үшін қолдау бағдарламаларын құру бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Бұл денсаулық сақтау жүйесінде білікті мамандарды тартуға және сақтауға көмектеседі.

«Емханаларға жүгіну саны артып келеді, бұл халықтың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін білдіреді. 2025 жылға қарай халық саны 2,3 миллионға дейін өседі деп күтілуде, бұл дамуды жаңа перспективаларын ашады. Бірлескен күш-жігермен біз денсаулық сақтау жүйесін айтарлықтай жақсартып, халық үшін де, дәрігерлер үшін де қолайлы жағдай жасай алатынымызға сенімдімін» деп атап өтті басқарма басшысы.

Айта кетейік, денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын Астана қаласының әкімдігі мен мәслихаты әзірлеген еді.

### АСТАНА ҚАЛАСЫ АУМАҚТЫҚ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Астана қаласы аумақтық сайлау комиссиясы  
Орналасқан жері: Бейбітшілік көшесі, 9,  
телефондары: 55-01-85, 55-64-41, 55-73-65.

Комиссия төрағасы Жұмабеков Бейсембай  
Қуанышұлы  
Төраға орынбасары Әбуова Лаззат Еркентайқызы  
Комиссия хатшысы Шәріпов Шәрапай Мұратұлы  
Комиссия мүшелері Аппазов Қазбек Ербасарұлы  
Беркімбаев Индира Чарлиқызы  
Ысқақова Сайран Кабдолдақызы  
Тыныштық Дархан Қазыбекұлы

Астана қаласы Байқоңыр ауданының  
аумақтық сайлау комиссиясы  
Орналасқан жері: А.Жұбанов көшесі 10А,  
телефондары: 22-53-92, 57-25-34, 50-13-97

Комиссия төрағасы Әбішев Нұрбол  
Мұхамбетнұрұлы  
Төраға орынбасары Ыбрайым Дамир  
Мәуліжанұлы  
Комиссия хатшысы Рашид Ұлбосын Рашидқызы  
Комиссия мүшелері Ахметов Төлеген Оңашабайұлы

Байқалқызы Әлия  
Жаманбаева Гүлназ  
Дауылбайқызы  
Мақұлова Динара  
Қайыржанқызы

Астана қаласы №6 округтік сайлау комиссиясы  
Орналасқан жері: Астана қаласы әкімдігінің  
«№55 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі, Ж.Досмұхамедұлы көшесі, 2,  
телефоны: 34-70-30

Комиссия төрағасы Мағауин Жеңіс Тезекбайұлы  
Төраға орынбасары Садықов Болат Ерденұлы  
Комиссия хатшысы Тыйыштықбайқызы Еркежан  
Комиссия мүшелері Аниеев Артем Викторович  
Аушева Ольга Османқызы

Жұмыс уақыты:  
күн сайын сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін

Астана қаласы  
аумақтық сайлау комиссиясы

### АСТАНА ҚАЛАЛЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯНЫҢ САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 22-бабының 2), 2-1) тармақтарына сәйкес Астана қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау бойынша №6 бір мандаттық аумақтық сайлау округінің шекараларының, аумақтық округтік сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін жариялаймыз.

Астана қаласы Байқоңыр ауданы аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері: А.Жұбанов көшесі 10А, телефондары: 22-53-92, 57-25-34, 50-13-97.

№6 сайлау округі  
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: №55 орта мектеп,  
Ж.Досмұхамедов көшесі 2, телефон: 34-70-30.

Шекаралары: Кеңесары көшесінен Ш.Уәлиханов көшесінің жұп сандар жағымен Бөгенбай батыр даңғылына дейін, Бөгенбай батыр даңғылының жұп сандар жағымен темір жолға дейін, темір жол бойымен Ә.Сембинов көшесіне дейін, Ә.Сембинов көшесінің тақ сандар жағымен Кеңесары көшесіне дейін, Кеңесары көшесінің тақ сандар жағымен Ш.Уәлиханов көшесіне дейін, Кирпичный, Казгородок, Өндіріс тұрғын алаптарын және Қоянды саяжай қоғамын қоса алғанда.

Астана қаласы аумақтық сайлау комиссиясы



Жанға жайлы, шуақты күндер сырғып өте шықты. Жаңбырлы, сұрғылт күздің соңынан «қылышын сүйретіп» қыс келеді. Бұл ретте қаладағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғыртып, қысқы жылыту маусымына дайындық жұмысын жандандыруда. Жергілікті әкімдік пен жауапты мекемелер қысқа толық дайын.

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

Елорданы алдағы жылыту маусымына дайындау бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде. Дереккөздердің жалпы дайындығы 99,2 пайызды құрайды. Жылу желілерінің жалпы дайындығы – 100 пайыз. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Энергетика басқармасының басшысы Нұрлан Көпешов мәлімдеген болатын.

«Астана теплотранзит» АҚ жұмысы аясында қаланың 9,7 км жылу желілері ауыстырылды, ағымдағы жөндеу – 1,2 км, қайта жаңарту – 8,5 км. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ желілері бойынша жалпы дайындық 100 пайызды құрайды. Тұрғын үй қоры объектілерін жылыту маусымына және әлеуметтік-мәдени тұрмысқа дайындау бойынша жұмыс толық тәртіппен орындалады. 3350 тұрғын үйді қысқы жылыту маусымына дайындау қажет еді. Қазірге дейін оның ішінде 3057 тұрғын үй жылыту маусымына дайын, – деді басқарма басшысы.



## ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ДҰРЫС ПА?

«Астана-Теплотранзит» АҚ басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Сейітқазиев болса елордада ауа температурасының күрт төмендеп кетуіне байланысты биыл жылыту маусымы қыркүйектің 24-і күні басталғанын және 2024-2025 жылдың қысқы жылу беру маусымына дайындық аясында 55 жылу магистральдарының гидравликалық сынақтан өткенін атап өтті. Биылғы жылыту маусымына дайындық шеңберінде «Астана-Энергия» АҚ негізгі жабдықты жаңарту және жөндеу бойынша елеулі жұмыс жүргізілгенін мәлімдеді. Қазіргі таңда 14 сорғы станциясы және 1 жылу пункті жұмыс істеп тұр. Әлеуметтік сала мен тұрғын үй нысандарына жылу берілді.

Елордадағы Сарыарқа ау-

даны алдағы қысқы маусымға дайындықты толық аяқтады. Аудан әкімінің орынбасары Ержан Жұмағұловтың айтуынша, аталған ауданды қардан тазалау жұмысын 20 мердігер ұйым атқарады. Олар көшелердің қауіпсіздігі мен тазалығын

қыстың қиын жағдайларында қамтамасыз етеді.

Санитарлық тазалау жұмысына 571 арнайы техника мен 739 жол жұмысшысы қатысады. Жұмысшыларға арналған 25 тамақтану және жылыну пункті дайын. Қар қалың жауған күн-

дері техниканың саны 585-ке дейін көбейеді, бұл көшелерді қардан жылдам тазалауға мүмкіндік береді. Жалпы техника саны жыл сайын көбейіп отырады, – деді әкім орынбасары.

Қарды шығару және оны төгу үшін Астрахан тас жолының бойында 53 гектарлық полигон дайындалған. Қар полигонында қауіпсіздік пен тиімділікті арттыру мақсатында бейнебақылау камералары мен самосвал техникасының нөмірін тіркейтін жүйе орнатылған. Тұрақты жарықтандыру және үздіксіз электрмен жабдықтау қамтамасыз етілген. Бұған қоса, қар көлемі артқан жағдайда қолдануға болатын қосымша 20 гектарлық резервтік қар полигоны дайын тұр.

Полигон аумағы толығымен автоматтандырылған. Ауа рай-

ының қолайсыздығына байланысты аудан аумағында коммуналдық қызметкерлер күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Көктайпақтың алдын алу мақсатында аудан көшелеріне 8 мыңға жуық текше метр жерге құм және тұз қоспасын себу жұмысы жүргізілуде.

Алматы ауданы да қыс мезгіліне толық дайын. Қыста аудан көшелерін қардан 590 арнайы техника тазартады.

Бүгінгі таңда жолдарды өңдеу үшін көктайпаққа қарсы 5 мың тоннадан астам материал сатып алынды. Барлық техникада GPS-трекер орнатылған, олар техниканың қозғалысы мен жұмыс уақытын бақылауға мүмкіндік береді.

Ауданда негізгі қар полигоны «Железнодорожный» тұрғын алабында анықталды, онда орындалған рейстер туралы автоматтандырылған тіркеу жүргізіледі.

«Астана Тазалық» ЖШС 2024-2025 жылдардағы қысқы маусымда қала көшелерінің тазалығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тәулік бойы жұмыс істеуге дайын. Бұл ретте, мекеменің баспасөз қызметі хабарлағандай, қысқы мезгілде олар 377 техниканы іске қосуды жоспарлап отыр. Жауын-шашын мол болған жағдайда, қар жинау үшін шамамен 433 қосымша арнайы техника тарту көзделді. Қысқы кезеңде көшелерді тазалауға 691 жол жұмысшысының шығуы жоспарлануда. Ақпаратты хабарлау, жинау және өңдеу үшін тәулік бойы жедел байланыс диспетчерлік пункті (109), сондай-ақ GPS көмегімен техниканың қызметін бақылау бөлімі жұмыс істейді.

Жылыту маусымына дайындықта маңызды жұмыс – отын қорын дайындау. Осы процесстің шеңберінде көмірмен, мазутпен, газбен, электрмен жабдықтау станцияларында авариялық-резервтік және жедел іс-шаралар талаптарына сәйкес қамтамасыз етілген.

### АНЫҚТАЛҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДЕРІН САҚТАМАУ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасына мемлекеттік бақылауды ақпараттық жүйелер арқылы не есептік ақпарат пен өзге де мәліметтер негізінде байқау немесе тексеру жолымен жүзеге асырады. Ағымдағы жылы Департаментпен жалпы 6 мыңнан астам бұзушылық анықталса, оның 48% мемлекеттік қызметті көрсетудің мерзімін сақтамау фактілері.

Мысалы, Астана қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ қызметкерлерінің азаматтың туу туралы куәлігін аполистер қою бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің мерзімін бұза отырып орындап жатқандығы белгілі болды.

Заңнамада көрсетілгендей аталған мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі қажат мемлекеттік корпорация арқылы қабылданған сотпен 2 жұмыс күнін құрайды.

Тексеріс нәтижесі бойынша Мемлекеттік корпорация тарапынан құжат тасушы курьердің поштаны белгіленген аумаққа уақытылы жеткізілуіне байланысты мемлекеттік қызмет нәтижесін беру мерзімі бұзылғандығы анықталды.

Нәтижесінде, Департаментпен көрсетілетін қызметті алушының құқықтары қалпына келтіру жөніндегі қажетті шараларды жүргізді және қызметті тиісінше атқармаған қызметкердің жауапкершілігін қарау туралы ұсынымдар жолданды.

Жалпы, анықталған бұзушылықтар негізінде 43 қызметкер түрлі тәртіптік жауапкершілікке тартылса, қызмет берушілердің 8 лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік хаттама актісі толтырылды.

Егер де мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтарыңыз бұзылса, Сіз Департаментке Сарыарқа даңғылы 13, мекенжайы бойынша жазбаша түрде, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» telegram-бот арқылы «Үзкілетті органға өтініш» бөлімінде жүгіне аласыз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2024 жылғы III тоқсанда  
төменде көрсетілген аудиторлық ұйымдарға лицензиялар берілді

Комитет внутреннего государственного аудита  
Министерства финансов Республики Казахстан  
выдал в III квартале 2024 году лицензии по нижеуказанным аудиторским организациям

№	Аудиторлық ұйымдар атауы / Наименование аудиторских организаций	Лицензия нөмірі және берілген күні / Номер лицензии и дата выдачи	Занды мекенжайы / Юридический адрес
1	«Audit BS» ЖШС / TOO «Audit BS»	№ 24022688 01.07.2024ж. / № 24022688 от 01.07.2024г.	Қостанай облысы, Арқалық қ., Горбачев көшесі, № 37/1, 2 пәтер / Костанайская обл., г. Арқалық, ул. Горбачева, дом 37, квартира 2
2	«KAPLAN – A» ЖШС / TOO «KAPLAN – A»	№ 24024553 25.07.2024ж. / № 24024553 от 25.07.2024г.	Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, № 77/8 ғимарат / г. Алматы, Бостандықский район, проспект Аль-Фараби, здание № 77/8
3	«BG AuditExpert» ЖШС / TOO «BG AuditExpert»	№ 24024780 29.07.2024ж. / № 24024780 от 29.07.2024г.	Астана қ., «Алматы» ауданы, Жанайдар Жирентаев көшесі, № 15 ғимарат / г. Астана, район «Алматы», улица Жанайдара Жирентаева, здание № 15
4	«UDB Audit&Accounting» ЖШС / TOO «UDB Audit&Accounting»	№ 24025016 31.07.2024ж. / № 24025016 от 31.07.2024г.	Астана қ., «Есіл» ауданы, Түркістан көшесі, № 8/2 ғимарат, 7а пәтер / г. Астана, район «Есіл», улица Туркестан, здание № 8/2, квартира 7а
5	«AuditExpert» ЖШС / TOO «AuditExpert»	№ 24026332 19.08.2024ж. / № 24026332 от 19.08.2024г.	Қарағанды қ., Қазыбек би аты. ауданы, Сатыбалдин көшесі, № 29/2 ғимарат / г. Караганда, район им. Казыбек би, улица Сатыбалдина, здание № 29/2

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2024 жылғы III тоқсанда  
төменде көрсетілген аудиторлық ұйымдардың лицензияларының қолданысын тоқтатты

Комитет внутреннего государственного аудита  
Министерства финансов Республики Казахстан прекратил в III квартале 2024 году  
действие лицензий по нижеуказанным аудиторским организациям

№п/п	Аудиторлық ұйымдар атауы / Наименование аудиторских организаций	Нөмірі және берілген күні / Номер лицензии и дата выдачи	Тоқтату күні / Дата прекращения
1	«Партнер Аудит» ЖШС / TOO «Партнер Аудит»	№ 17015183 28.08.2017ж. / № 17015183 от 28.08.2017г.	10.07.2024ж. / 10.07.2024г.
2	«Tarlan Global Audit» ЖШС / TOO «Tarlan Global Audit»	№ 22016364 06.09.2022ж. / № 22016364 от 06.09.2022г.	10.07.2024ж. / 10.07.2024г.
3	«Audit LTO» ЖШС / TOO «Audit LTO»	№ 23005773 01.03.2023ж. / № 23005773 от 01.03.2023г.	10.07.2024ж. / 10.07.2024г.
4	«AUDIT SERVICES LTD (АУДИТ СЕРВИСЕЗ ЛТД)» ЖШС / TOO «AUDIT SERVICES LTD (АУДИТ СЕРВИСЕЗ ЛТД)»	№ 18017999 01.10.2018ж. / № 18017999 от 01.10.2018г.	06.08.2024ж. / 06.08.2024г.
5	«GRAND PRIORITY AUDIT» ЖШС / TOO «GRAND PRIORITY AUDIT»	№ 18001833 30.01.2018ж. / № 18001833 от 30.01.2018г.	14.08.2024ж. / 14.08.2024г.
6	«SK AUDIT GROUP» ЖШС / TOO «SK AUDIT GROUP»	№ 21024145 11.08.2021ж. / № 21024145 от 11.08.2021г.	29.08.2024ж. / 29.08.2024г.
7	«CAPITAL PRO» ЖШС / TOO «CAPITAL PRO»	№ 21019739 07.06.2021ж. / № 21019739 от 07.06.2021ж.	05.09.2024ж. / 05.09.2024г.
8	«Fin & Tax audit» ЖШС / TOO «Fin & Tax audit»	№ 16002220 09.02.2016ж. / № 16002220 от 09.02.2016ж.	05.09.2024ж. / 05.09.2024г.
9	«Audit Advising Group» ЖШС / TOO «Audit Advising Group»	№ 21026034 10.09.2021ж. / № 21026034 от 10.09.2021г.	10.09.2024ж. / 10.09.2024г.
10	«GL AUDIT» ЖШС / TOO «GL AUDIT»	№ 21021336 28.06.2021ж. / № 21021336 от 28.06.2021г.	10.09.2024ж. / 10.09.2024г.
11	«ProgreSS Audit» ЖШС / TOO «ProgreSS Audit»	№ 21019110 28.05.2021ж. / № 21019110 от 28.05.2021г.	13.09.2024ж. / 13.09.2024г.
12	«ABD Consulting» ЖШС / TOO «ABD Consulting»	№ 17017127 03.10.2017ж. / № 17017127 от 03.10.2017г.	20.09.2024ж. / 20.09.2024г.
13	«PVS Audit&Consulting» ЖШС / TOO «PVS Audit&Consulting»	№ 23002837 30.01.2023ж. / № 23002837 от 30.01.2023г.	26.09.2024ж. / 26.09.2024г.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2024 жылғы III тоқсанда  
төменде көрсетілген аудиторлық ұйымның лицензиясын аяғырды

Комитет внутреннего государственного аудита  
Министерства финансов Республики Казахстан  
лишил в III квартале 2024 году лицензию по нижеуказанной аудиторской организации

№п/п	Аудиторлық ұйымдар атауы / Наименование аудиторских организаций	Лицензия нөмірі және берілген күні / Номер лицензии и дата выдачи	Айыру күні / Дата лишения
1	«KZ-Аудит AZS» ЖШС / TOO «KZ-Аудит AZS»	№ 23028161 29.12.2023ж. / № 23028161 от 29.12.2023г.	23.07.2024ж. / 23.07.2024г.



№125 (4713) 19/10/2024 Сенбі

Әскери қызмет және Қазақстан Республикасын қорғау – әр азаматтың парызы әрі мерейлі міндеті. Қазақстанда жыл сайын 18-27 жас аралығындағы әскери міндетін өтеуге толымды жас жігіттер әскерге шақырылады. Астанада биыл күзгі әскерге шақыру науқаны қыркүйек айында басталған болатын. Жоспар бойынша биыл 1200-ге жуық астаналық жас әскери борышын өтемек.



NUR.KZ / Владимир Третьяков

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

**Қ**орғаныс министрлігінің мәліметі бойынша күзде әскерге 20 мыңнан аса азамат әскерге шақырылмақ. Ел Қарулы күштеріне – 10000-ға жуық, Ұлттық ұланға 6 мыңнан аса адам шақырылады, ҰҚК Шекара қызметіне үш жарым мыңға жуық әскерге шақырылушы, Төтенше жағдайлар министрлігіне 300-ден астам және Мемлекеттік күзет қызметіне 250-ден аса адам іріктелмек.

ӨТКЕННЕН – ӨНЕГЕ,  
ЖАСТАРҒА – ТӘРБИЕ

16 қазан күні Халық Қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың туылғанына 100 жыл толуына орай Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында «Ағалар ерлігі – ұрпаққа ұлағат!» тақырыбымен әскер қатарына шақырылғандарды шығарып салу салтанатты іс-шарасы өтті. Жастардың әскери-патриоттық сезімін, Отан қорғау жігерін асқақтатып, әскери қызметтің беделін одан әрі көтеру мақсатында өткен бұл іс-шараға ҚР Қорғаныс министрлігінің өкілдері, ҚР ҚК ардагерлері, генералдар мен офицерлер,

міндетін үздік атқарған сарбаздарға білім гранты тапсырылды. Сондай-ақ акция аясында әскери техника мен қару-жарақ түрлері, әскери киім-кешек үлгілері көрмесі өтіп, арнайы мамандар жастарға жан-жақты мағлұмат берді.

Іс-шарада сөз сөйлеген Қорғаныс министрлігінің өкілдері, ардагерлер Ақмола өңірінің тумасы, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерлік істеріне тоқталып, бүгінгі жас ұрпақтың бақытты тұрмысы сол батыр бабаларымыздың ерлігінің арқасында келгенін айрықша атап өтті. Жастар да бұл іс-шарадан үлкен тәлім-тәрбие алып қайтты.

– Бүгін біз әскери қарулардың шағын көрмесін көріп, күзгі әскер қатарына шақырылғандарды аттандырып салу салтанатты іс-шарасына қатыстық. «Ағалар ерлігі –



қала мектептерінің оқушылары және «Жас сарбаз» жасөспірімдер мен балалар ӘПК тәрбиеленушілері, курсанттар мен мерзімді әскери қызметшілер, әскери кафедра студенттері қатысты. Салтанатты жиналыста 2024 жылғы көктемгі су тасқыны кезінде белсенділік танытқан мерзімді әскери қызметшілерге ҚР Қорғаныс министрінің бағалы сыйлығы табысталып, мерзімді әскери

ұрпаққа ұлағат!» деген тақырыбы айтып тұрғандай, біз бұл іс-шарадан көп нәрсені түсініп, біраз мағлұматтар алдық. Жалпы отан алдындағы борышын өтеу – әрбір азаматтың борышы. Мен де жасым толғанда мерзімді әскери міндетті аброймен өтеп, жоғары оқу орнының грантын ұтып алсам деймін, – деді М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының оқушысы Сұлтан Болат.

**КҮЗДЕ ӘСКЕРГЕ 20 МЫҢНАН АСА АЗАМАТ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛМАҚ. ЕЛ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ – 10000-ҒА ЖУЫҚ, ҰЛТТЫҚ ҰЛАНҒА 6 МЫҢНАН АСА АДАМ ШАҚЫРЫЛАДЫ, ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕ ҮШ ЖАРЫМ МЫҢҒА ЖУЫҚ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫ, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНЕ 300-ДЕН АСТАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНЕ 250-ДЕН АСА АДАМ ІРІКТЕЛМЕК**

ӘСКЕРГЕ БАРСАҢ,  
АРТЫҚШЫЛЫҚ КӨП

Әскерге шығарып салу салтанатына қатысқан жастардың «әскерге барсаң тиімділік көп екен, грант ұтып алуға болады екен» деп қызығушылық танытып отырғаны тегін емес.

болды. Сонымен қатар, тегін оқу сертификаттарын иеленгендер қосымша артықшылықтарға ие болды. Осы жылдың күзінен бастап мерзімді әскери қызмет кезеңінде өз ерекшелігімен көзге түскен жастар тегін білім алуға мемлекеттік грант алып қана қоймай, стипендия да алады. Бұдан басқа заңда студенттердің осы санатына бірінші оқу жылы ішінде жоғары оқу орындарының жатақханасынан орын бөлу де көзделген.

Сондай-ақ әскерге шақырылғандар қызмет ету кезеңінде және әскерден босатылғаннан кейін екі ай уақытқа несиелік демалыс беріледі. Бүгінгі таңда әскерде қызмет атқатқан мың жарымнан астам азамат жоғары оқу орындарына тегін, ал ақылы түрде 700-ден астамы оқуға түсті.

Министрлік өкілдерінің айтуынша, сарбаздардың аналары комитетінің өкілдеріне кез келген уақытта Қарулы күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрылымдардың әскери бөлімдеріне баруға рұқсат етіледі. Сондай-ақ отбасымен бейнеқоңырау сервисі жұмыс істейді. Әрине, мұның бәрі – әскердегі әлімжеттіктің алдын алып, баласын әскерге жіберуден алаңдайтын ата-аналардың көңілін тыныштандыру үшін жасалып жатқан қадамдар.

ЖҰРТ БАЛАСЫН  
ӘСКЕРГЕ ЖІБЕРУДЕН  
НЕГЕ ҚОРҚАДЫ?

Қазір жұрттың көбі баласын әскерге жіберуден қорқады. Өйткені сарбаздар арасында өлім-жітім жиілеп барады. Мәселен, соңғы үш жылда Қазақстанда 270 әскери қызметкер қайтыс болған. Ал

соңғы төрт жылда әскерде 86 суицид тіркелген, 20 әскери қызметкер өзіне қол салуға оқталған. Қазақстан армиясының атына сын болатын осы мәселеге Мемлекет басшысы назар аударып, арнайы комиссия құруды және жағдайды мұқият тексеріп, алдын алу жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты екенін айрықша атап өткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет. Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты» деген болатын. Әрине, Мемлекет басшысы бұдан бұрын да бұл мәселеге тоқталып, Ішкі істер министріне де тапсырма берген. Бірақ одан өзгеріп кеткен ештеңе жоқ. Керісінше, әскердегі әлімжеттікке байланысты уақиғалар азаймай тұр. Сау кеткен азаматтың әскерден мәйіті қайтуы немесе ес-түссіз жан сақтау бөліміне түсуі тұтас Қазақстан халқын түршіктіріп тұр. Оның үстіне қылмыстың ашылмай қалуы да бұл мәселенің тамыры тереңде жатқанын айғақтаса керек. Мәселен, бытыр Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерде 50 мыңнан астам бейнекамера орнатылғанын хабарлады. Бірақ биыл жазым болған әскерлер ол бейнебақылауға түспеген. Міне, осындай күдікті мәселелердің көбеюіне байланысты көптеген ата-ана баласын әскерге жібергісі келмейді немесе ебін тауып алып қалуға тырысады. Бұл өз кезегінде әскери міндетін өтеуден жалтаратындардың да қатарын молайтуда. Сонымен сенімі кеткен әскерилер әскер жасына толған жастарды адам барымталағандай көшеде жүрген жерінен тарпа бас салып әкететін әдетке де барды.

Жақында Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев Қорғаныс министріне армиядағы кез келген келеңсіздікті тыю және алдын алу бойынша нақты шараларды қабылдауды талап етіп, «Өкінішке қарай, армиядағы жағдай бұған, яғни Президент айтқан талапқа мүлдем кереғар

болып тұр. Оның үстіне әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы төмен, соңғы рет олардың жалақысы 2008 жылы ғана көтерілген» деп батыра айтқаны бар.

ӘЛІМЖЕТТІКТІҢ  
АЛДЫН АЛУҒА БОЛА МА?

Әскердегі әлімжеттіктің әртүрлі себептері бар. Бірақ тәртіпті күшейтіп, жауапкершілікті арттырса, бұл шешілмейтін мәселе емес. Ең бастысы, қазіргі жастарда жанашырлық, отандасына, бір елде жасап жатқан қандасына жанашырлық жоқ. Ертең ер басына күн туып, етігімен қан кешер болса, сол қасындағы сарбаздың өзіне үлкен сүйеніш, тізе қоса отырып соғысатын қанды көйлек қаруласы екенін сезінбейді. Демек, әскердегі азаматтарға психологиялық тұрғыдан берілетін тәлім-тәрбиені де күшейту керек. Бұл жөнінде осыдан бір жыл бұрын доғарыстағы полковник Еркінбек Жайлаубаев былай деген болатын.

– Бұрын Кеңес армиясында рота командирі мен жауынгердің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары әр солдатқа басымен жауап беретін. Оның бір тал шашының түспеуіне мүдделі еді. Әскери комиссариаттарда елу-алпыс адамды бір психолог тексерістен өткізетін. Қазір екі мың адамға бір психолог көрінеді. Ол үлгерме ме? Сосын келіп әскерге шақырушылардың психологиялық жағдайына атүсті қарау орын алып жатады. Мен бірде-бір әскери психологтың арнаулы курстан өтіп, біліктілігін жетілдіріп жатқанын естіген емеспін. Олар өз жұмысына өте салғырт қарайды. Тіпті кей әскери бөлімшелерде психолог қызметін қосымша екінші біреу атқарып жүреді. Міне, осыдан келіп әскердегі суицид көбейіп отыр.

Жалпы әскерге барғандардың амандығына рота командирі басымен жауап беруге міндетті. Бірақ ауызда осылай айтылғанымен, кейде сол командирдің өзі полениң басында тұр ма деген ойға да қаласың. Егер басшысы мықты болса, ол әскери топтың тәртібі де, машығы да мықты болатыны анық. Бақылау қатаң болса, бейбастақтыққа да жол жоқ. Бұған Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері бөлімінің басшысы, подполковник Нұржан Омаровтың сөзі айғақ. «Қазір әскердегі әлімжеттік туралы жиі айтылады. Бірақ барлық әскери сала сондай деп бәрін қаралауға болмайды. Мәселен, біздің бөлімшелерде ондай жағдай мүлдем болған емес. Себебі бізде тәртіп өте қатаң. Әскердің денесін тәнертен, кеш екі уақыт тексеріп, денесінде көгерген, жараланған жерлер бар ма деп қатаң бақылап отырамыз. Егер бір әскердің денесінде қалыпсыздық байқалса, үлкен тексеру басталды. Оның үстіне, жаңадан әскерге шақырылғандарды көне әскерлермен араластырмайды, яғни күзде шақырылған сарбаздар келесі жылы күзде кетеді. Олар жаңа әскермен араласып машық жасамайды. Қазір барлық жерде камералар бар, амандыққа жауапты тұлғалар тағайындалып, олар 24/7 уақыт режимі бойынша іштегі тәртіпті қадағалап жүреді. Олардан бөлек, әскери полиция қызметкерлері әр күні кезекшілікте болады. Міне, осы тәртіптің арқасында біздің бөлімшеде ондай келеңсіз жағдай болған емес» дейді ол.

Қысқасы, қуатты ел боламыз десек, әскер сапасын арттыру аса маңызды. Ал сапалы әскери қосын құру үшін халықтың қолдауы, жастардың сенімі қажет. Әскердегі әлімжеттік тиылмай, әскердің беделі де, сапасы да көтерілмейді.



# ЕКПЕ – ЕҢ ТИІМДІ ӘДІС

Екпенің жұқпалы аурулардың алдын алуда пайдасы туралы жақсы білеміз. Баланы да, ересекті де аурудан қорғаудың ең тиімді әдісі екпе екендігі белгілі. Біз осы ретте контингенті көп Астана қаласындағы №4 емхананың дәрігер-эпидемиологы Айман ДОСАНОВАМЕН сұхбаттасқан едік.

– Айман Мұхтарқызы, емхана бойынша қанша адам вакцинациялаудан өтті, екпе алды? Қандай препарат қолданылды? Кері нәтиже болған фактілер бар ма?

– 4-қалалық емхана бойынша 6944 адам гриппке қарсы екпе алды, оның ішінде ересектер – 4996, балалар – 1948, жүкті әйелдер – 115. Кері нәтиже болған жоқ. Вакцинация халықтың барлық топтарына алты айдан бастап қартайғанға дейін салына береді. 2019 жылдан бастап, елімізде халықты тұмауға қарсы имундау үшін ГРИППОЛ ПЛЮС вакцинасы қолданылады, оның құрамына А (H1N1), А (H3N2) және В тұмауының үш штамы кіреді. Вакцинаның антигендік құрамы тұмау вирустарының циркуляциясына және ағымдағы эпидемиологиялық маусымға болжау нәтижелеріне байланысты өзгереді.

– Вакцинациялау не үшін қажет?

– ЖРВИ таралу маусымында тұмауға бейжай қарауға болмайды. Бұл тыныс алу жолдарының жедел вирустық респираторлық инфекциясы ғана емес. Тұмау өте жұқпалы, жылдам таралады, тез асқынады. Сондықтан халық арасында топтық иммунитет қалыптастыру қажет. Ол халықтың едәуір бөлігі вакцинация немесе табиғи түрде берілетін ауру нәтижесінде инфекцияға қарсы иммунитетке ие болған кезде қалыптасады. Мұндай жағдайда инфекцияның таралуы бәсеңдеп, қоздырғышты тасымалдау деңгейі төмендейді. Ұжымдық иммунитетті қалыптастырудың ең қауіпсіз жолы – халықты тұмауға және ЖРВИ-ге қарсы вакцинациялау. Тұмауға қарсы вакцинация тұмаудың өзінен қорғауға ғана емес, сонымен қатар ЖРВИ қосылу жиілігінің төмендетеді. Тұмау пневмония, жүректің зақымдануы-миокардит, перикардит, жүрек жеткіліксіздігі, синусит және гайморит, бүйрек аурулары – пиелонефрит және гломерулонефрит, менингит, энцефалит сияқты асқынуларымен қауіпті екенін бәрі біледі. Сонымен қатар көбінесе тұмаумен ауырғандарда созылмалы аурулары күшейеді.

Медицина қызметкері ата-анаға немесе оның заңды өкіліне профилактикалық егу, ықтимал жанама әсерлер, олардан бас тарту салдары, вакцинадан кейінгі асқынулар туралы толық және объективті ақпарат береді.

Профилактикалық егуді енгізер алдында медицина қызметкері егілетін адамды тексереді.



Алдын ала егуді жүргізудің шарты бойынша тұрғындар жазбаша түрде келісім береді немесе екпе алудан бас тартады.

– Қандай адамдарға екпе алуға болмайды?

– Тауық жұмыртқасының ақуызына аллергиясы бар адамдарға тұмауға қарсы екпе жасалмайды.

Гриппке қарсы бұрын алған кезде аллергиялық реакциясы болған адамдарға жасалмайды.

Қандай да бір созылмалы ауруы бар және ол асқынып тұрса, ондай науқастарға екпе алуға болмайды. Тек ауру ремиссия бергеннен кейін, яғни, дерттің асқынуы басылғаннан кейін ғана вакцина алуға рұқсат етіледі.

Қызуы көтеріліп, жедел респираторлық вирустық инфекциямен (ЖРВИ) немесе өзге бір вирустық инфекциямен ауырып тұрған кезде де екпе салдыруға тыйым бар. Олар тек вирустық инфекциядан жазылып шыққаннан кейін екі апта өткен соң барып, екпе салдыра алады.

– Адамдар басқа аурулардан қалай сақтанып және күтінп жүруі керек?

– Тұмауға қарсы иммунитет 2-4 апта ішінде қалыптасады және 1 жыл бойы сақталады. Уақытында жасалған тұмауға қарсы екпе өзіңізді қауіпсіз сезінуге мүмкіндік береді. Сондықтан сізден тіркелген медициналық ұйымға барып, тұмау мен ЖРВИ-ға қарсы вакцина алған дұрыс деп санаймын.

микроорганизмдердің көбеюін тез басып, аурудың дамуына жол бермейді немесе ол жеңіл түрде жүреді. Егер иммунитет әлсіресе, дене инфекциямен тиімді күресе алмайды, микроорганизмдер тез көбейіп, ауру тудырады, асқынулар жиі кездеседі.

**Дене шынықтырумен айналысу** – мықты денсаулыққа бірінші қадам. Әлсіз адам жиі серуендеуі керек. Жаяу жүру – дене шынықтырудың ішіндегі ең қолжетімдісі. Серуенді асықпай, таза ауады өткізу керек.

**Жылдам жүру.** Ағзаға аздап күш түсірсеніз, дене қимылыңызға байланысты қан жүгіріп, ағзаңызға оттегі тарайды. Ағзадағы зат алмасу жылдамдап, тотығу-түзелу жаңаланып, көңіл-күйіңіз көтеріледі, яғни көңіл-күй жақсарса, иммунитет те көтеріледі. Бірінші күні – 1 шақырым, мұнан кейін күндегісін күніге бұл қашықтықты 5 шақырымға дейін жеткізу керек. Қалалық жағдайда жұмысқа дейін немесе жұмыстан кейін бір-екі аялдама жылдам жаяу жүрсеніз жеткілікті. Иммунитетті көтеру үшін таза ауада серуендеуден гөрі жылдам жүру пайдалырақ.

**Салқын сумен жуыну.** Иммунитетті көтерудің бұл түрін де ақырындап бастағаны жөн. Алдымен аяқтарыңыздан бастап салқын су құйыңыз, сосын белден төмен қарай, сосын иықтан төмен қарай, ең соңында төбеден бастап төмен қарай салқын сумен құйыңыз. Алғашында 1-2 рет жуынып, уақыт өте көбейтіңіз.

**Спортпен шұғылданы.** Фитнеске, биге қатысу иммунитетті көтерумен бірге

**ВАКЦИНАЦИЯ ХАЛЫҚТЫҢ БАРЛЫҚ ТОПТАРЫНА АЛТЫ АЙДАН БАСТАП ҚАРТАЙҒАНҒА ДЕЙІН САЛЫНА БЕРЕДІ. 2019 ЖЫЛДАН БАСТАП, ЕЛІМІЗДЕ ХАЛЫҚТЫ ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ИМУНДАУ ҮШІН ГРИППОЛ ПЛЮС ВАКЦИНАСЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ, ОНЫҢ ҚҰРАМЫНА А (H1N1), А (H3N2) ЖӘНЕ В ТҰМАУЫНЫҢ ҮШ ШТАМЫ КІРЕДІ**

жұқпалы аурулардың қоздырғыштарының ағзаға енуіне жол бермейді.

– Иммунитетті көтерудің қандай жолдары бар?

– Салауатты өмір салты денсаулықты нығайтады, ал сау дене кез келген инфекциямен тиімдірек күреседі. Салауатты өмір салты ағзаның инфекцияға төзімділігін арттырады. Біз күнделікті микробтармен бетпе-бет келеміз, бірақ ауырып қаламыз ба, жоқ па, көбінесе иммунитеттің бізді қаншалықты қорғай алатындығына байланысты. Егер иммунитет күшті болса, дене оған енген патогендік

тәнінің сұлулығын сақтауға және сұлулана түсуіне көп ықпалын тигізеді.

**Құнарлы ас ішу.** Тамақтану арқылы да иммунитетті нығайтуға болады. Ішетін тамағыңыз табиғи, дәрүмендерге бай болуы қажет. Олар: жеміс-жидек, көкөністер, бал, ет және т.б. Қанты көп тағамдарды және қуырылып дайындалған тағамдарды аз пайдаланғаныңыз жөн, өйткені ол тағамдарды қорыту үшін ағзадағы пайдалы заттар жұмсалады, тиісінше иммунитет әлсірейді.

**Пайдалы тұнбалар пайдаланыңыз.** Иммунитетті нығайту үшін әртүрлі шөптердің жапырақтары мен тамырларынан алынатын тұнбалар және ит-мұрын (шиповник) шырыны, алма, лимон, киви, құрма, тағы басқа көкөніс, жемістерді жеудің пайдасы зор.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

**P.S:** «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді халық даналығы. Ендеше, түрлі инфекциялардан қорғап, адам өмірін сақтаудың қауіпсіз және ең тиімді әдісі – вакцинация екенін ұмытпай, өзіңізді, жақындарыңызды қолдап жүруді ұмытпаған жөн.

Әйелдерде жиі кездесетін сүт безі қатерлі ісігі – Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде кең таралған онкологиялық аурулардың бірі. Қазан айында елорда емханаларында Дүниежүзілік сүт безі обырына қарсы күрес күні атап өтіледі.

## ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Бұл аурудың алдын алу және ерте анықтау үшін 40 пен 70 жас аралығындағы әрбір әйел екі жыл сайын сүт безі қатерлі ісігіне онкологиялық скринингтен өтуі керек. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында кез келген әйел өзі тіркелген емханаға барып, тегін тексеріле алады.

«Сүт безінің қатерлі ісігі – әйелдерде жиі кездесетін қатерлі ісік. Айта кету керек, кейбір әйел-

ның айтуынша, аурудың этиологиясы мен даму ерекшеліктері туралы заманауи білім салыстырмалы түрде аурудың алдын алудың қарапайым және қолжетімді шараларын әзірлеуге мүмкіндік берді.

«Мәселен, салмағыңызды бақылауда ұстаңыз. Артық салмақ қатерлі ісіктің, соның ішінде сүт безі қатерлі ісігінің аясында кез келген әйел өзі тіркелген емханаға барып, тегін тексеріле алады.

«Сүт безінің қатерлі ісігі – әйелдерде жиі кездесетін қатерлі ісік. Айта кету керек, кейбір әйел-



дердің осы ауру туралы білімдері мен түсініктері қазіргі заманғы ғылыми негізделген білімнен және осы ауруға қатысты заманауи медицинаның мүмкіндіктерінен айтарлықтай артта қалып отыр. Сондықтан ауруға қатысты ескірген мифтер мен көзқарастарды алып тастау керек. Осы ауру туралы және одан өзіңізді қалай қорғауға болатындығы туралы заманауи және ғылыми негізделген ақпарат беру өте маңызды» дейді Астана қаласы №13 қалалық емхананың дәрігері Малика Тұрсынбаева.

Бастапқы кезеңдерде аурудың белгілері байқалмайды. Сондықтан өздігінен анықтау қиын. Ісікті тек қана ультрандыбыстық және басқа құралдармен зерттеу арқылы тез анықтауға болады. 45 жасқа дейінгі әйелдерге УДЗ, ал жасы 45-тен жоғары әйелдерге рентгенологиялық маммография тағайындалады.

Малика Тұрсынбаева-дың сөзіне сәйкес, әйелдерде сүт безі қатерлі ісігі анықталды.

Күнделікті рационда кем дегенде 400-500 гр жаңа піскен көкөністер, жемістер болуы керек. Одан кейін алкогольді шектеңіз. Алкогольді тұтынудың дозасы неғұрлым көп болса, қатерлі ісіктің қаупі соғұрлым жоғары болады. Сәбиіңіз болса, емізіңіз. Емшекпен емізу аурудың даму қаупін азайтады. Бала көтерпейтін бақыдығы туралы заманауи және ғылыми негізделген ақпарат беру өте маңызды» дейді Астана қаласы №13 қалалық емхананың дәрігері Малика Тұрсынбаева.

Айта кеткен жөн, Астана қаласында маммографиялық скринингтен 2024 жылғы 60 мыңға жуық әйелді өткізу көзделген. Бірінші жартыжылдықта 32 мыңнан астам әйел тексеруден өтті. Тексеру кезінде 55 әйелден бірінші және екінші сатыдағы сүт безінің қатерлі ісігі анықталды.





## АЛАШ КӨСЕМСӨЗІНІҢ АСТАРЫНА ҮҢІЛГЕН

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде алаштанушы ғалым, профессор, аталмыш жоғары оқу орнының Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Қайрат Сақтың туғанына 60 жыл толуына орай «Алаштанудың өзекті мәселелері: ғылыми зерттеулердің жаһандық және отандық бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



**Индира  
БЕРЖАНОВА**

Жиында Түркия, Франция, Қырғызстан, Әзербайжан және отандық жоғары оқу орнының белгілі ғалымдары, қоғам және мемлекет қайраткерлері, қаламгерлер, ұстаздар қауымы мен студенттер қатысты. Конференция Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтауымен ашылды. Құттықтау сөзді оқыған Президент кеңесшісі Бауыржан Омаров ғалымның ұзақ жылдар бойы іргелі жоғары оқу орындарында жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, білім саласын дамытуға қосқан үлесін атап өтті.

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтауын сенатор Бибігүл Жексенбай жеткізді.

«Құрметті Қайрат Өмірбайұлы,

сіз 30 жылдан астам уақыт бойы еліміздің ғылым және жоғары білім саласында жемісті еңбек етіп келесіз. Тәуелсіздік таңы тарихымызды жаңаша зерделеуге, жоғалтқанымызды түгендеуге зор мүмкіндік бергені белгілі. Осы тұста жас ғалым ретінде ұлт баспасөзінің бастауында тұрған «Дала уәлаяты» және «Қазақ» газеттерін жаңа ұрпақпен табыстыруға айтулы үлес қостыңыз. Бұл игілікті іс сіздің алаштану әлеміне еркін еніп, одан кейінгі жылдары «Ұлттық сана ұйытқысы», «Алаш мұрасы», «Алаш көсемсөзі» секілді маңызды еңбектерді жазуыңызға жол ашты. ХХ ғасыр басындағы ұлт қайраткерлерінің мемлекеттің саяси-әлеуметтік өміріндегі әдебиет пен баспасөздегі қайталанбас қолтаңбасын зерделеуді көздейтін халықаралық конференция да

тынымсыз еңбектің жеңісі деп қабылдаймыз» делінген құттықтауда.

«Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлы өз сөзінде алаштанушы ғалымның болмысын жастарға үлгі қылып, бүгінде жоғары оқу орынан түлеп ұшқан шәкірттері отандық журналистиканың ілгерілеуіне атсалысып жүрген білікті мамандар екенін мысалға келтірді.

Конференция барысында профессордың өзі туған Түркістан өңірінен, одан басқа отандық және шетелдік журналистика саласының өкілдері ғалым еңбектерінің құндылығына баса назар аударды. Қазақ журналистикасын ұлт зиялыларының ұранымен ұштастыра дамытуды ұсынып жүрген алаштанушы Қайрат Сақтың монографиялары қазақ баспасөзі үшін ауқымды зерттеу болғаны ортаға салынды.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АҚСҰҢҚАРЫ

Астана қаласы Білім басқармасының және Білім басқармасына қарасты Әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен ақын, жазушы, қоғам қайраткері қазақ әдебиетінің ақсұңқары Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты республикалық аймақтық фестиваль өтті.

**Шапағат  
ӘБДІР**

Шараға республиканың түкпір-түкпірінен, атап айтсақ, Астана қаласының педагогтары және Ақмола, Қарағанды, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстарының педагогтары мен білім алушылары, республика көлеміндегі С.Сейфуллин есімі берілген білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушылары, ЖОО оқытушы профессорлары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері қатысты.

Фестиваль аясында ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеуші ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлерінің құнды пікірлері тыңдалып, педагогтар мен білім алушыларға арналған байқаулар ұйымдастырылып, республика көлеміндегі С.Сейфуллиннің есімі берілген мектептердің ерекшеліктері және Сәкен мұражайлары мен кабинеттерінің білім алушылар мен педагогтардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін арттырудағы құндылықтарын дәріптейтін телекөпір өтті.

Бүгінгі шарамыз Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өтіп жатыр. Мұндағы мақсат – Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын, әдеби мол мұрасын жаңғырту, насихаттау, талантты, шығармашы оқушыларды анықтап, педагогтардың тәжірибе алмасуына көмектесу. Сондай-ақ С.Сейфуллин шығармаларын оқу, мазмұнын ашу, құндылықтарын дәріптеу, педагогтар мен білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау әрі педагогтар мен білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып,



шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамыту жұмыстарын сүйемелдеу, – дейді Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығының басшысының орынбасары Жангелді Амирғалиев.

Фестивальде «Сыр сандықты ашып қара» атты педагогтарға арналған шеберлік сағаты өтті. Одан кейін олар «Адам – керуен, өмір – жол» педагог-ақын мұшайрасы және «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы...» ақын шығармасына («Көкшетау» поэмасы негізінде) комикс білім алушылар байқауы, «Saken Seifullin «Thorny path» оқушыларға арналған booktrailer, «Сәкеннің сырлы әндері» білім алушылар байқауы, «Жалпыадамзаттық ұлттық құндылық дәріптеудегі Сәкен шығармаларының маңызы» педагогикалық оқу қатарлы бағыттар бойынша сынға түсті. Соңында фестиваль жүлдегерлері мен қатысушыларына арнайы дипломдар мен алғыс хаттар табысталды.



## РУХАНИ КЕЛІСІМ КОНЦЕРТІ

«Астана Опера» театрында Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы симфониялық оркестрінің (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Абзал Мұхитдин) Рухани келісім күніне арналған концертті өтті.

Кешке Рухани келісім күні идеясының авторы, көрнекті композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Мұхамеджанов арнайы қатысып, бұл күннің мән-маңызына тоқталды.

– Рухани келісім күні – бұл күнтізбедегі жай күндердің бірі емес, қоғамымызда адамгершіліктің әрдайым басты орында тұруы керектігін еске салатын күн.

Наным-сенімі, мәдениеті мен ұлты әртүрлі жандардың арасындағы үйлесімділік – тұрақтылық пен бейбіт өмірдің негізі, – деді ол.

Концертте Төлеген Мұхамеджановтың «Туған жер» мен «Адажио» шығармалары, Жорж Бизенің туындылары, Николай Римский-Корсаковтың «Шахерезада» симфониялық сюитасы, басқа да шығармалар орындалды.

## АТА-БАБА ДӘСТҮРІН ӘСПЕТТЕГЕН

Байқоңыр ауданы әкімдігінің қолдауымен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы «Ұрпақтар арасындағы сабақтастық» атты қайырымдылық іс-шара өткізді.

«Өндіріс» тұрғын алабындағы Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өткен шараға тұрғын алаптың тұрғындары және зейнет жасындағы орталықтың қызмет алушылары, сондай-ақ жастар қатысты.

Аталған іс-шараның шымылдығын ашып сөз сөйлеген Байқоңыр ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Намазшамов мұндағы басты мақсат – «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» ұғымының қыр-сырына терең бойлай отырып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты рухани-қайырымдылық және әдеби-танымдық шара арқылы дәріптеу екендігін айтып өтті.

– «Ұрпаққа аманат» сөзінің мәні мен мағынасы тереңде жатыр. Бұл ел болашағы – бүгінгі және ертеңгі жастардың ой-танымын қалыптастырудағы маңызды іс-әрекет болып табылады. Оның мәнін айғақтайтын: мәдениет, дәстүр және білім арқылы ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту. Шын мәнінде біздің ата-бабаларымыздан жеткен ора-



сан бай салт-дәстүріміз – ұлттық код ретінде бүгінгі ұрпақ біздерге аманат. Сондықтан бүгінгі өткізіліп жатқан шараның да мақсаты – ұрпақтар сабақтастығын дәріптеп, оларды ізгілікке баулу болып саналады, – деді Қуаныш Намазшамов.

Іс-шараға 82 жастағы спорт шебері және бокстан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Айсыл-

тан Жақыпбек қатысып, балаларға бокстан шеберлік сағатын өткізді.

Сонымен қатар, шара барысында арқан тарту, асық ату секілді ұлттық ойын түрлері ұйымдастырылды.

Соңында қатысушы балаларға Байқоңыр ауданы әкімдігінің атынан түрлі сыйлықтар табысталды. Іс-шара флэшмоб және концерттік бағдарламамен жалғасты.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор –  
**Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың  
орынбасары –  
**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және  
сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың  
мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының  
компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.  
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300  
**Тапсырыс №125**

Баспахана: Астана қаласы,  
Сілеті көшесі, 30-үй  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:**  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

📞 **Қабылдау бөлмесі:**  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

✉️ **aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **ҚҮСЕМХАНҰЛЫ**